

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

**Пән: Жекелеген қылмыстарды**

**тергеу әдістемесі**

**4. СӨЖ және СМӨЖ арналған тапсырма**

**СӨЖ № 1**

**Тақырыбы: Адам өлтіруді тергедің алғашқы тергеу этаптары. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.**

**Тапсырма:** Адам өлтіру барысын сәт фотографиясының әдістерін пайдаланып оқиға болған жерді панорамалық, масштабты әдістер арқылы бағдарлы, шолып, түйінді және детальды фото суретке түсіру.

Тұлғаны сигналетикалық әдіспен түсіру. Фотосуреттерді басып шығару.

**Тапсырманың сипаттамасы:** Криминалистік полигонда алдын ала ойластырылған фабула бойынша оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетінің барысын фотоаппарат пен бейне жазбаға бекітіп алу. Суретке түсіру кезінде криминалистік фотосуреттің барлық жалпы және жеке әдістері қолданулары қажет. Студентке криминалист-маман ролінде кәсіби дағдыны жүзеге асыру міндеті жүктелген. Дайын фотосуреттерді оқиға болған жерді қарау хаттамасына қосымша ретінде альбомға бекіту.

**Тапсыру формасы:** Альбом толтыру.

**Орындау мерзімі:** 3 апта

**Бағалануы:** әр студентке 15 балл

**СӨЖ № 2**

**Тақырыбы: Суық қару табылған жағдайда тергеу әдістемесі**

**Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру. Тапсырма:** Ату құралы – сәт баллистикасының зерттеу объектісі ретінде оқиға болған жерде объектілерді табу, бекіту және алу. Атыс қару-жарағының, оқ-дәрілердің сипаттамасын, патронның құрама бөлігі: гильза, капсюль, порох, тығын, оқ, бытыра және картельдің сипаттамасын, ату іздерінің сипаттамасын альбомға оқиға болған жердің жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру.

**Тапсыру формасы:** Альбом толтыру.

**Орындау мерзімі:** 5 апта

**Бағалануы:** әр студентке 15 балл

**Тапсыру формасы:** Альбом толтыру. **Орындау мерзімі:** 4 апта **Бағалануы:** әр студентке 15балл

**СӨЖ № 3**

**Тақырыбы: Дәстүрлі емес криминалистикалық техниканың бағыттарын қолданудағы тергеу әдістемесі**

Заттар, бұйымдар мен материалдарды криминалистикалық зерттеу.

Криминалистикалық одорология.

Бейнефонографиялық зерттеу. Тұлғалық-бағдарлық

**СӨЖ № 4**

**Тақырыбы: Жекелеген қылмыстарды тергеу барысында криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері**

Тактикалық әдіс.

Тактикалық комбинация.

Тактикалық операция.

Тергеу ситуациясы.

Тактикалық шешім. Тұлғалық-бағдарлық

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені Бет 2 Барлығы 5

**Тапсырма:** Студент алдын ала жазып дайындалған мәтіндегі қолжазбаның жалпы және жеке белгілерін анықтауы қажет. Зерттеу қолжазба мәтіні мен салыстырмалы үлгілермен жұмыс жүргізу. Жалған жасалған құжаттың сипаттамасын альбомға оқиға болған жерді қарау хаттамасының үзіндісі ретінде толтыру.

**Тапсыру формасы:** Альбом толтыру.

**Орындау мерзімі:** 6 апта

**Бағалануы:** әр студентке 15 бал

### СӨЖ № 5

#### Тақырыбы: Жауап алу әдістемесі.

**Тапсырма:** Топ студенттері жауап алу тергеу әрекетін жүргізу барысын техникалық құралдарды (аудио, бейне таспа) пайдалана отырып түсіру арқылы нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау. Жауап алуды диктофонға, бейне таспаға жазып, хаттама толтыру.

### СӨЖ № 6

**Тақырыбы:** Криминалистикалық тіркеу. Кәсіби дағдыларды маман ретінде жүзеге асыру.

**Тапсырма:** Дактилокартаны жасау және оның дактилоскопиялық формуласын шығару.

**Тапсырманың сипаттамасы:** лабораториялық жағдайларда студенттер типографиялық бояғышты немесе арнайы дактобояғыштар мен құрал-жабдықтарды қолданып дактокартаға қол саусақтарының папиллярлы Өрнектерін бастырып түсіріп алады. қол саусақтарының іздерін формула бойынша негізгі және қосымша формуласын есептейді. Қосымша есептер:

1. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 78968 / 17329

2. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес Өрнектің бар екенін анықтаңыз. 15 / 17

3. Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 87349 / 15682

4. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес Өрнектің бар екенін анықтаңыз. 9/11

5. Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 31785 / 91347

6. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес Өрнектің бар екенін анықтаңыз: 27 / 19

7. Дактилоскопиялық формуланың қосымша бөлігі бойынша оның негізін анықтаңыз: 31645 / 82546

8. Дактилоскопиялық формуланың негізгі бөлігі бойынша қай саусақта шеңбер тәріздес Өрнектің бар екенін анықтаңыз: 16 / 4

**Тапсыру формасы:** Альбом толтыру. Есептерді шығару

**Орындау мерзімі:** 7 апта

**Бағалануы:** әр студентке 15 бал

**СӨЖ № 7**

**Тақырыбы:** Оқиға болған жерді қарау тактикасы. Топтық жоба.

**Тапсырма:** Топ студенттері оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін жүргізіп, техникалық құралдарды (фотоаппарат, бейне таспа) пайдалана отырып, нәтижелері бойынша хаттаманы дайындау.

**Тапсырманың сипаттамасы:** Мәйіттің табылу фактісі бойынша ПО-ның кезекші бөліміне келіп түскен хабарлама негізінде тергеуші оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетін жүргізеді. Студент тергеушінің ролінде тергеу әрекетіне қатысты дайындық шараларын: тергеу тобын (студенттердің арасынан қатысушыларды анықтап іріктеу) құру, тергеу әрекетіне қатысушыларға инструктаж беру, техникалық жағынан қамтамасыз ету (тергеу чемоданы және т.б.); жұмыс кезеңінің ұйымдастыру: арнаулы криминалистік полигондарда жалпы және детальды қарауды жүргізу; тергеу әрекетінің нәтижесін бекіту (хаттама толтыру). Тергеушімен қатар «Мен криминалистік маманмын», «Мен жедел-ізвестірушімін», «Мен сот медицина қызметкерімін» ролдері бөлінген. Әр студент алдын ала теориялық жағынан дайындалып (ҚІЖК, «Сараптамалық қызмет туралы заңның») баптарындағы кӨрсетілген құқықтары мен міндеттерін, Өкілеттілігі мен құзыретімен танысып, криминалистік тактика бойынша оқиға болған жерді қарау тергеу әрекетінің тактикалық және психологиялық аспектілерін зерттеп) оқу тергеу әрекеті барысында Өзіндік жеке тұлғалық тараптан кӨрсетіп қатысады.

**Тапсыру формасы:** Хаттама толтыру.

**Орындау мерзімі:** 9 апта

**Бағалануы:** әр студентке 15 бал

### **Криминалистика пәні бойынша СӨЖ орындау және реферат жазуға әдістемелік нұсқау**

Бұл жұмысты (реферат) жазудағы студенттің алдына қойылатын жалпы міндет пен мақсаттың Өзіндік ерекшеліктері бар. Жұмысты жазуда, арнайы оқулықтармен ғана шектеліп қоймай, студент Өзі тұратын жерде болған қылмыстық істерді оқып, тергеу практикасын пайдалана білуі қажет. Бұл келтірілген сот немесе тергеу тәжірибесі, осы аудандағы, облыстағы аталған қылмыс түрімен күрес жүргізуде қандай нәтижелер берді, СӨЖ тапсырмаларында және реферат жұмыста мысал ретінде жазылуы тиіс.

Жұмысқа пайдалану үшін зерттелген ізденістер тізімі қолданылған әдебиеттерден кейін тіркеледі.

Қортындыда студент әрбір танысқан іс бойынша тергеу жүргізу кезінде тактикалық дұрыс шешілген мәселені, сондай-ақ тергеушінің техникалық құралдар мен әдіс-тәсілдерді қолдануда кеткен кемшіліктерді кӨрсетеді.

Рефераттың бірінші бетінде баяндалатын тақырыпқа сәйкес жұмыс жоспары құрылады. Криминалистика пәнінен реферат жұмыс жазуда, студенттердің кӨпшілігі мазмұны жағынан негізгі тақырыптан әлдеқайда ауытқуы байқалады, осы кемшіліктерді болдырмауға баса назар аударылуы қажет.

Жұмысты жазу барысында міндетті түрде ғылыми деректерге сүйеніп, жұмыстың атауын, қолданылған әдебиеттердің шығарылған баспасын,

жылын және бетін нақты көрсетіп жазу керек.

Егер оқулықта баяндалатын мәселе туралы әртүрлі кӨзқарастар, пікірлер болса, онда студент олардың әрқайсысын дәлел ретінде кӨрсетін, Өзінің қай кӨзқарасқа қосылатынын не қосылмайтынын білдіреді.

**Криминалистика пәні бойынша альбом орындауға әдістемелік нұсқау.**

Студент бақылау жұмысын орындамастан бұрын, криминалистика пәні бойынша ұсынылған оқу бағдарламасына сәйкес әдебиеттерді, сондай-ақ қосымша басқа да ғылыми материалдарды оқып зерттеуі қажет.

Ұсынылып отырған тапсырмалар тек қана теориялық білімді талап етіп қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі объектілерді (айғақты заттарды, дәлелдерді) іздеп тауып бекіту, алу және зерттеу үшін пайдаланатын криминалистік әдістер мен тәсілдерді, оған қажет техникалық құралдарды тәжірибе жүзінде қолдана алуын талап етеді. Сондықтан да жұмыс барысында тәжірибелік біліктігін арттыру үшін студент бар мүмкіншілігін пайдалануы керек.

Сондай-ақ, фотоаппараттың құрылысын, оның тергеу үстінде қолдану міндеттеріне байланысты тәсілдері мен әдістерін жете меңгеруі қажет.

Бақылау жұмысы қолжазба түрінде мектеп, сурет дәптері немесе стандартты ақ қағазға орындалады.

Берілген тапсырма бойынша фотосуреттер 9x15 немесе 10x15 форматымен дайындалады және сурет шарты бойынша қағаз бетіне жапсырылады. Жапсырылған жеке қалташада әрбір түсірілген суреттің негативі қоса тіркеледі. Түсірілген суреттің сапасы, сот-оперативті суретінің талабына сай келуі керек.

Тапсырмалар берілген реті бойынша орындалуы керек. Әр жауап алдында тапсырмалар шарты толық түрде кӨрсетілуі қажет.

Бақылау жұмысына берілетін рецензияда, ұсынылған тапсырмаға берілген жауаптың толық орындалу мазмұны және оны орындаудың барлық шартын сақтауы ескеріліп, осының бәріне баға беріледі.

**СОӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі**

№	Тақырыптардың атауы және СОӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
	<b>Идентификация мен диагностика</b> Идентификацияның түсінігі, ғылыми негізі, маңызы, түрлері, объектілері. Диагностиканың түсінігі, объектілері, маңызы.		Конспект 15 бал
	<b>Суық қарутану мен жарылғыштану</b> Суық қарутанудың түсінігі, түрлері. Жарылғыштанудың түсінігі, түрлері.		Конспект 15 бал

	<b>Дәстүрлі емес криминалистикалық техниканың бағыттары</b> Заттар, бұйымдар мен материалдарды		Сұрақтарды ауызша талқылау
--	---	--	----------------------------

	криминалистикалық зерттеу. Криминалистикалық одорология. Бейнефонографиялық зерттеу.		15 бал
	<b>Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері</b> Тактикалық әдіс. Тактикалық комбинация. Тактикалық операция. Тергеу ситуациясы. Тактикалық шешім.		Конспект 15 бал
	<b>Салыстырмалы үлгілерді алу тактикасы</b> Салыстырмалы үлгілердің түсінігі, түрлері. Салыстырмалы үлгілерді алудың ережелері. Салыстырмалы үлгілерді алу нәтижесін бекіту.		Хаттама толтыру 15 бал
	<b>Криминалистикалық болжаулар және тергеуді жоспарлау</b> Криминалистикалық болжаулар. Тергеуді жоспарлау.		Жазбаша тергеу жоспарын құрастыру 15 бал
	<b>Экологиялық қылмыстарды тергеу.</b> Экологиялық қылмыстардың криминалистік сипаттамасы. Қылмыстық қол сұғу затының ерекшеліктері. Экологиялық қылмыстар бойынша типтік тергеу ситуациялары және тергеудің алғашқы кезеңі.		Реферат 15 бал